



«Taj Finance» МҚҰ» ЖШС құпиялылық саясаты

Жалпы ережелер

«Taj Finance» МҚҰ» ЖШС (бұдан әрі - МҚҰ) Құпиялылық саясаты өз Клиенттерінің дербес деректерінің қауіпсіздігі мен құпиялылығы туралы талаптарды сақтау мақсатында әзірленген, МҚҰ-дың өз клиенттерінің дербес деректерін өңдеуі тәртібін айқындайтын ішкі нормативтік құжат болып табылады.

МҚҰ Құпиялылық саясаты (бұдан әрі – Құпиялылық саясаты) МҚҰ және/немесе оның үлестес тұлғалары, соның ішінде МҚҰ тобына кіретін барлық тұлғалар пайдаланушылар мен клиенттер МҚҰ сайттарының, сервистерінің, қызметтерінің, бағдарламаларының, өнімдерінің немесе қызметтерінің кез-келгенін пайдаланған уақытта және МҚҰ Клиенттермен жасалған кез-келген келісімдер мен шарттарды орындауы барысында олар туралы алуы мүмкін барлық ақпаратқа қатысты қолданылады. Пайдаланушының жоғарыда аталған тұлғалардың бірімен қарым-қатынасы аясында білдірген Саясатпен келісімі барлық басқа аталған тұлғаларға қолданылады. МҚҰ сервистерін пайдалану Пайдаланушының осы Саясатпен және мұнда көрсетілген оның дербес ақпаратын өңдеу шарттарымен сөзсіз келісімін білдіреді; осы шарттармен келіспеген жағдайда Пайдаланушы сервистерді пайдаланудан бас тартуы тиіс.

1. Терминдер мен анықтамалар

- 1) **Дербес деректерді өңдеу** - дербес деректерді жинақтауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға және жоюға бағытталған іс-әрекеттер;
- 2) **Клиент** - өтініште баяндалған ұсыныс (оферта) негізінде Микрокредит беру туралы шартты ресімдеген және олар бойынша міндеттемелерді Шартта көрсетілген күннен кешіктірмей толық орындаған, 18 жасқа толған әрекетке қабілетті жеке тұлға, Қазақстан Республикасының азаматы;
- 3) **Дербес деректер** – белгілі бір немесе айқындалатын жеке тұлғаға (дербес деректер субъектісіне) тікелей немесе жанама түрде қатысты, басқа жеке немесе заңды тұлғаға не тұлғаларға берілетін кез-келген мәліметтер.

2. Клиенттің дербес деректерін басқарушы

- 2.1. Клиенттің дербес деректерін басқарушы - «Taj Finance» МҚҰ» ЖШС, БСН: 231140026224, мекенжайы: Алматы қ., Ауэзов ауданы, Таугуль-3 ықшамауданы, Дауылбаев көшесі 17/7,
- 2.2. Жеке деректерді өңдеуге байланысты мәселелер бойынша МҚҰ байланыс деректері: + 7 702 530 07 95

3. Құпиялылық саясатының қолданылуы

3.1. Құпиялылық саясаты келесі жағдайларда қолданылады:

- 3.1.1. егер Клиент МҚҰ ұсынатын қызметтерді пайдаланса немесе пайдаланғысы келсе немесе басқа жолмен МҚҰ ұсынатын қызметтермен байланысты болса, соның ішінде Саясат күшіне енгенге дейін анықталған Клиентке, бұрынғы және әлеуетті МҚҰ Клиенттерімен қарым-қатынаста;
- 3.1.2. МҚҰ филиалдарының және МҚҰ клиенттерге қызмет көрсету орындарының келушілеріне, соның ішінде бейнебақылау жүргізілетіндерге;
- 3.1.3. МҚҰ сайтына және МҚҰ мобильді қосымшаларына кірушілерге;

3.1.4. жеке тұлғаға (Клиентке, пайдаланушыларға, келушілерге) қызмет көрсетуге байланысты кез-келген түрдегі ақпаратты алатын және оны МҚҰ-ға беретін үшінші тұлғаларға (соның ішінде байланысатын тұлғалар, төлеушілер, кепілгерлер, уәкілетті тұлғалар және т. б.).

3.2. Құпиялылық саясаты Клиент өзінің дербес деректерін қандай нысанда (мысалы, МҚҰ интернет-сайты арқылы, МҚҰ мобильді қосымшасы арқылы, қағаз түрінде, телефон арқылы немесе электрондық поштаны пайдалана отырып) хабарлағанына қарамастан деректерді өңдеуде қолданылады, мұндай деректер электрондық немесе қағаз түрінде өңделеді.

3.3. МҚҰ Клиенттер туралы құпиялылық пен дербес деректерді қорғау туралы талаптарды сақтайды және «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңының талаптарын және оған сәйкес қабылданған Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі № 573 Заңын және Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де нормаларын басшылыққа алады.

3.4. МҚҰ өзінің интернеттегі сайтында куки-файлдарын (ағылшын тілінде: cookies) және ұйымның интернеттегі сайтына кірген кезде Клиент туралы ақпарат алуға арналған ұқсас технологияларды пайдаланады. Куки-файлдары – бұл браузер сіздің сайтқа кіргеніңіз туралы деректерді жазатын шағын мәтіндік файлдар. Куки-файлдары сайттарға кірушілерді «есте сақтауға» мүмкіндік береді, мысалы, әр жолы олардың логині мен құпиясөзін сұрамау үшін. Ұйымның куки-файлдарын қолдану біздің Клиенттерімізге Интернет-сайтты ең ыңғайлы пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

3.5. Несие алуға дейін және МҚҰ-мен шарттық қатынастар орнатпас бұрын, Клиент МҚҰ және ол ұсынатын қызметтер туралы ақпаратпен танысып, сондай-ақ осы Құпиялылық саясатымен танысуы керек. МҚҰ тапсырмасы бойынша дербес деректерді өңдеуді жүзеге асыратын үшінші тұлғалар да Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген дербес деректерді өңдеуге қойылатын талаптарды сақтауға міндетті.

4. Дербес деректердің санаттары, құқықтық негізі мен мақсаты

4.1. МҚҰ Клиенттің жеке деректерін ол несие алу бойынша МҚҰ ұсынатын қызметтерді пайдаланған кезде сайтқа кіру және оның сервистерін пайдаланғанда алуы мүмкін. Сондай-ақ МҚҰ бөгде ұйымдардан – Кредиттік бюролардан, зейнетақы төлеу орталықтарынан және басқа да ұйымдардан (бұдан әрі – үшінші тұлғалар) деректер алуға құқылы. МҚҰ беретін, алатын және өңдейтін дербес деректердің келесі санаттары бар:

Дербес деректерді өңдеу мақсаты	Дербес деректерді өңдеудің құқықтық негізі	Өңделетін дербес деректер
Шартты орындау, соның ішінде: 1. Шарт жасасу 2. Клиенттің жеке басын сәйкестендіру 3. Өтінішті одан әрі қарау үшін клиент туралы қажетті ақпарат алу үшін дербес деректерді Кредиттік бюроға және зейнетақы төлеу жөніндегі орталыққа, сондай-ақ өзге де ұйымдарға беру 4. Клиент ұсынған ақпаратты	Өңдеу негізі: 1. Қарыз шартын жасасу, шарт жасасу алдында, шарттың қолданылу уақытында және шарт аяқталғаннан кейінгі Клиенттің өтініші бойынша іс-әрекеттері. 2. Қолданыстағы заңнама талаптарын орындау. 3. Несие беру үшін клиенттің төлем қабілеттілігін және кредиттік тарихын бағалауға мүмкіндік беретін МҚҰ заңды талаптары.	Клиенттің сәйкестендіру деректері (мысалы, аты, тегі, әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), туған күні мен жылы, жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, үшінші тұлғалардың деректері және т. б.) Байланыс ақпараты (мысалы, мекенжайы, электрондық поштасы, телефон нөмірі және т. б.) Автокөлік құралымен байланысты деректер

тексеру 5. Қазақстан Республикасындағы бухгалтерлік есепті реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді орындау		(мысалы, тіркеу нөмірі, шасси нөмірі, маркасы, жылы, иесінің деректері, пайдаланушының деректері, айыппұлдар және т. б.) Сөйлесулерді жазу деректері (мысалы, МҚҰ клиенттерге қызмет көрсету телефондарынан сөйлесулердің жазбаларын тыңдау, күні мен уақыты және т. б.) Кәсіби деректер (мысалы, білімі, жұмыс орны, кәсібі және т. б.) Қаржылық ақпарат (мысалы, міндеттемелер, кірістер, мүліктер, төлем тәртібі, асырауындағылар және т. б. туралы ақпарат) Клиенттің ақшалай қаражатының көзі туралы ақпарат (мысалы, жұмыс беруші, кәсіпкерлік қызмет туралы ақпарат, банктік шоттан үзінді көшірме немесе терроризмді қаржыландыруға арналған, қылмыстық жолмен алынған ақшалай қаражатты жылыстатудың алдын алу мақсатымен МҚҰ-ға клиенттің деректерін тексеруге мүмкіндік беретін басқа да деректер). Міндеттемені тиісінше орындау талаптары туралы деректер (мысалы, Клиентпен шарт жасасу және шартты тоқтату туралы ақпарат, шарттар бойынша міндеттемелерді орындау (орындамау), оларды бұзу, Клиент берген өтініштер, сұраулар мен шағымдар, мүдделер, қызметтерге ақы төлеу туралы және т. б. ақпарат)
Клиентпен жасалған шарттар бойынша талап ету құқықтарын беру (оларды әлеуетті инвесторларға беру үшін ұсыну) және қаржыландыруды тарту	Өндеу негізі: 1. Жасалған шарттардан туындайтын Клиенттен талап ету құқығын беруге МҚҰ-ның заңды қызығушылығы.	Клиенттің сәйкестендіру деректері (мысалы, аты, тегі, әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), туған күні мен жылы, жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, үшінші

	2. Бизнесті дамыту үшін қаржыландыруды тартуға МҚҰ-дың заңды қызығушылығы. 3. Қолданыстағы заңнама талаптарын орындау.	тұлғалардың деректері және т. б.) Байланыс ақпараты (мысалы, мекенжайы, электрондық поштасы, телефон нөмірі және т. б.) Автокөлік құралымен байланысты деректер (мысалы, тіркеу нөмірі, шасси нөмірі, маркасы, жылы, иесінің деректері, пайдаланушының деректері, айыппұлдар және т. б.) Сөйлесулерді жазу деректері (мысалы, МҚҰ клиенттерге қызмет көрсету телефондарынан сөйлесулердің жазбаларын тыңдау, күні мен уақыты және т. б.) Келісім туралы ақпарат (мысалы, білдірілген келісім туралы белгілер, мазмұны, күні мен уақыты, көзі және т. б.) Кәсіби деректер (мысалы, білімі, жұмыс орны, кәсібі және т. б.) Қаржылық ақпарат (мысалы, міндеттемелер, кірістер, мүліктер, төлем тәртібі, асырауындағылар және т. б. туралы ақпарат) Клиенттің ақшалай қаражатының көзі туралы ақпарат (мысалы, жұмыс беруші, кәсіпкерлік қызмет туралы ақпарат, банктік шоттан үзінді көшірме немесе терроризмді қаржыландыру үшін, қылмыстық жолмен алынған ақшалай қаражатты жылыстатудың алдын алу мақсатымен МҚҰ-ға клиенттің деректерін тексеруге мүмкіндік беретін басқа да деректер). Міндеттемені тиісінше орындау талаптары туралы деректер (мысалы, Клиентпен шарт жасасу және шартты тоқтату туралы ақпарат,
--	--	--

		шарттар бойынша міндеттемелерді орындау (орындамау), оларды бұзу, Клиент берген өтініштер, сұраулар мен шағымдар, мүдделер, қызметтерге ақы төлеу туралы және т. б. ақпарат) Нормативтік актілерде көзделген міндеттерді орындау кезінде алынған және/немесе түзілген деректер (мысалы, тергеу органдарынан/тұлғалардан, алқа нотариустарынан, салық әкімшілігі мекемелерінен, соттардан және алқа сот орындаушыларынан алынған ақпаратты сұраудан туындайтын деректер, кірістер, кредиттік міндеттемелер, тиесілі мүлік, деректер базасындағы белгілер мен тарихи белгілер, сондай-ақ қалған кредиттік міндеттемелер және т. б. туралы мәліметтер)
Клиенттерді МҚҰ-мен, МҚҰ ұсынатын қызметтермен, МҚҰ жарнамасымен (автоматтандырылған шешім қабылдау және/немесе профильдеуді пайдаланып немесе пайдаланбай), МҚҰ іскери серіктестерімен байланысты ақпаратпен қамтамасыз ету, сонымен қатар МҚҰ қызметтерін жақсарту және Клиенттің статистикалық талдауын жүргізу үшін Клиенттерді қанағаттану туралы пікір сұраумен қамтамасыз ету үшін.	Несие алушы өзінің дербес деректерін бір немесе нақты мақсаттармен өңдеуге келісім берді.	Клиенттің сәйкестендіру деректері (мысалы, аты, тегі, әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), туған күні мен жылы, жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, үшінші тұлғалардың деректері және т. б.) Байланыс ақпараты (мысалы, мекенжайы, электрондық поштасы, телефон нөмірі және т. б.) Автокөлік құралымен байланысты деректер (мысалы, тіркеу нөмірі, шасси нөмірі, маркасы, жылы, иесінің деректері, пайдаланушының деректері, айыппұлдар және т. б.) Кәсіби деректер (мысалы, білімі, жұмыс орны, кәсібі және т. б.) Қаржылық ақпарат (мысалы, міндеттемелер, кірістер, мүліктер, төлем тәртібі,

		асырауындағылар және т. б. туралы ақпарат) Клиенттің ақшалай қаражатының көзі туралы ақпарат (мысалы, жұмыс беруші, кәсіпкерлік қызмет туралы ақпарат, банктік шоттан үзінді көшірме немесе терроризмді қаржыландыру үшін, қылмыстық жолмен алынған ақшалай қаражатты жылыстатудың алдын алу мақсатымен МҚҰ-ға клиенттің деректерін тексеруге мүмкіндік беретін басқа да деректер). Міндеттемені тиісінше орындау талаптары туралы деректер (мысалы, Клиентпен шарт жасасу және шартты тоқтату туралы ақпарат, шарттар бойынша міндеттемелерді орындау (орындамау), оларды бұзу, Клиент берген өтініштер, сұраулар мен шағымдар, мүдделер, қызметтерге ақы төлеу туралы және т. б. ақпарат)
Дәлелдемелерді сақтау	Өңдеудің негізі – келісім алынғаны жайлы дәлелдемелерді сақтау мақсатымен өз мүдделері мен құқықтарын қорғауға заңды қызығушылық, осы негізде деректерді өңдеуді жүзеге асыратын кезде	Сөйлесулерді жазу деректері (мысалы, МҚҰ клиенттерге қызмет көрсету телефондарынан сөйлесулердің жазбаларын тыңдау, күні мен уақыты және т. б.) Келісім туралы ақпарат (мысалы, білдірілген келісім туралы белгілер, мазмұны, күні мен уақыты, көзі және т. б.)
МҚҰ сайты, Интернет-сайттың жұмысын талдау, жетілдірулерді әзірлеу және енгізу.	Өңдеудің негізі – МҚҰ сайтының жұмысын жақсартуға заңды қызығушылық.	МҚҰ Интернет-сайтында жүргізілетін әрекеттер (мысалы, айпи мекенжайы, жасалған әрекеттің атауы, Интернет-сайттың бөлімі, күні мен уақыты және т. б.)
МҚҰ қызметтерін жақсарту, жаңа қызметтерді әзірлеу. МҚҰ қолданатын төлем қабілеттілігін бағалау әдістемесін жақсарту үшін және статистикалық	Өңдеудің негізі – қызметтердің сапасын жақсартуға және клиенттердің әдеттеріне, қалауына және қанағаттанушылығына негізделген жаңа қызметтерді әзірлеуге заңды қызығушылық.	Клиенттің қызмет көрсету саласы, әдеттері, тілектері және қанағаттануы туралы деректер (мысалы, Несие алушының жасы, қызметтерді бірнеше рет пайдалануы, Несие алушының қанағаттануы және

зерттеулер үшін.		т. б.)
МҚҰ қызметтерін жарнамалау	Өңдеудің негізі – қолданыстағы заңнама талаптарын орындау.	Лотереяларға, ойындарға, акцияларға немесе науқандарға қатысу туралы деректер (мысалы, алынған пунктер, ойындарда, лотереяларда немесе акцияларда алынған ұтыстар және т. б.)

4.2. МҚҰ Клиенттің өзіне алған міндеттемелерін орындай алмауы қаупінің туындауын болдырмау мақсатымен, сондай-ақ төлем қабілеттілігін бағалауды жүргізу мақсатымен Клиенттің деректерін және басқа да ақпаратты келесілерге беруге және алуға құқылы.

4.2.1. Бірінші кредиттік бюро ЖШС (алу: клиенттің кредиттік тарихы туралы ақпаратты);

4.2.2. Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық (алу: кірістер туралы ақпарат);

4.2.4. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органдар (беру: пайдаланушы туралы белгілерді; аты-жөнін, жеке сәйкестендіру нөмірін және шарттың нөмірін, аванстық шоттың нөмірін; және алу: көлік құралы туралы ақпаратты: тіркеу ақпаратын, техникалық байқау туралы ақпаратты; иесі мен пайдаланушысы туралы ақпаратты: аты-жөнін, жеке сәйкестендіру нөмірін, бұзушылықтарды есепке алу тармақтарын, төленбеген ақшалай айыппұлдарды, жүргізуге тыйым салуды, медициналық анықтама туралы ақпаратты және т.б.).

4.3. Клиент Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру агенттігінің анықтамасын өзі тапсырған жағдайда, МҚҰ алаяқтықтың және алаяқтық әрекеттерінің алдын алу заңды мүдделері негізінде Клиенттің деректерін және басқа ақпаратты іскери серіктестерге беруге және алуға құқылы.

4.5. МҚҰ Клиенттің өзіне алған міндеттемелерін орындай алмауы қаупінің туындауын болдырмау заңды мүдделері негізінде, сондай-ақ төлем қабілеттілігін бағалауды жүргізу мақсатымен, клиенттің деректерін және клиенттің кредиттік ақпараты туралы басқа ақпаратты бюроға беруге және алуға құқылы.

4.6. МҚҰ жоғарыда аталған деректердің кез-келгенін МҚҰ Клиентке қызмет көрсету, қауіптерді басқару және МҚҰ заңды (ашық) мүдделері негізінде статистикалық және қаржылық талдау жүргізу үшін пайдаланатын технологиялық шешімдерді, қызметтерді және модельдерді тексеру және жақсарту үшін пайдаланады немесе пайдалана алады.

5. Дербес деректерді алушылар

5.1. Дербес деректер келесілерді қоса алғанда, олармен шектелмей берілуі мүмкін:

5.1.1. мемлекеттік органдар мен ұйымдарға, соның ішінде құқық қорғау органдарына, сот орындаушыларына, соттарға, нотариустарға, салық органдарына және т. б., қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес ақпарат беру қажет болған жағдайларда;

5.1.2. МҚҰ тобына кіретін заңды тұлғаларға;

5.1.3. кредиттік мекемелер мен қаржы институттарына, сақтандыру компанияларының өкілдеріне;

5.1.4. аудиторларға, заң кеңесшілеріне, қаржы кеңесшілеріне немесе МҚҰ бекіткен басқа да дербес деректерді өңдеушілерге;

5.1.5. тізімдерді, мысалы, кредиттік тізімдерді, тұрғындар тізімдерін, коммерциялық тізімдерді және дербес деректерді қамтитын немесе олар арқылы дербес деректер берілетін басқа да тізімдерді жүргізетін үшінші тараптарға; қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес.

5.1.6. талап ету құқығын (цессияны) беруге сәйкес коллекторлық агенттіктерге немесе басқа да заңды тұлғаларға, соттарға, дауларды сотқа дейінгі тәртіппен шешу (медиация);

5.1.7. Клиенттің МҚҰ алдындағы міндеттемелерін дұрыс орындауына кепілдік беретін басқа адамдарға, тұлғаларға, мысалы, кепілгерлерге, гаранттарға, кепілзат берушілерге;

5.1.8. қолданыстағы заңнамаға және МҚҰ клиенттерімен жасасқан шарттардың талаптарына сәйкес белгіленген тәртіппен және шарттармен басқа тұлғаларға.

5.2. МҚҰ клиентпен жасасқан шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын білікті және жедел қамтамасыз ету үшін МҚҰ тобының өкілдіктеріне немесе өзінің іскерлік серіктестеріне (үшінші тұлғаларға) жекелеген әрекеттерді жүргізуге уәкілеттік беруге құқылы.

5.3. Тапсырмаларды орындай отырып, МҚҰ тобының өкілдері немесе іскери серіктестер МҚҰ иелігіндегі Клиенттің дербес деректерін өңдейді, дербес деректерді өңдеу операторлары болып саналады және МҚҰ Клиенттерінің мәліметтер базасына толық қол жеткізе алады.

5.4. МҚҰ іскери серіктестері және МҚҰ тобының өкілдері (дербес деректерді өңдеушілер мәртебесінде) МҚҰ талаптары мен құқықтық актілерге сәйкес дербес деректерді өңдеу және қорғау талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді және дербес деректерді басқа мақсаттарда пайдаланбай, тек МҚҰ тапсырмасы бойынша Клиентпен жасасқан шарттың міндеттемелерін орындау үшін ғана пайдаланады.

5.5. МҚҰ келесі жағдайларды қоспағанда, Клиенттің дербес деректерін ұйымдарға немесе кез-келген басқа тұлғаларға бермеуге міндеттенеді:

5.5.1. Клиентпен келісім-шарт жасасу және орындау үшін беру қажет;

5.5.2. Клиенттің мүддесі үшін жасалған шартты жасасу және орындау үшін беру қажет;

5.5.3. қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес беру рұқсат етілген;

5.5.4. Клиент ақпаратты беруге өз келісімін берген жағдайларда.

5.6. Клиентті сәйкестендіретін, басқа мемлекетке берілген ақпаратқа қатысты мемлекеттің қауіпсіздігі, лаңкестікке қарсы күрес туралы нормативтік актілерді қоса алғанда, құқық қорғау органдарына немесе қадағалаушы мекемелерге жеке тұлғалардың иелігіндегі ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін тиісті мемлекеттің нормативтік актілері қолданылуы мүмкін.

6. Клиенттің деректерін жазу

6.1. МҚҰ Клиенттің байланыс құралдары (мысалы, телефондар, компьютерлік желілер және т.б.) арқылы жасаған барлық операцияларын жазуға құқылы, атап айтқанда: клиенттерге қызмет көрсету бойынша жұмыс сапасын бағалау үшін, ықтимал шағымдар мен дауларды тиімді және объективті шешу үшін және Клиенттердің операцияларын дәлелдеу үшін, сондай-ақ Құпиялылық саясатының 4.1-тармағында көзделген мақсаттарда клиенттің деректерін, байланыс құралдары арқылы айтылған тілектерін беру.

6.2. МҚҰ мен Клиенттің материалдық құндылықтарын қорғау үшін, сондай-ақ МҚҰ қызметкерлерінің, қонақтарының, келушілерінің және Клиенттерінің қауіпсіздігі үшін МҚҰ-ға пайдаланатын аумақта (клиенттерге қызмет көрсету орындарында, МҚҰ жұмыс ғимараттарында, автокөліктерді сату орындарында және т.б.) адамдардың қозғалысына, әрекеттеріне және т. б. бақылау жүргізу үшін бақылау жабдықтарын пайдалануға және бақылауларды электронды түрде жазуға рұқсат етіледі. МҚҰ жоғарыда аталған жолмен алынған деректерді өз міндеттерін орындау

және құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ Клиент жасаған операцияларды және/немесе жасалған заңсыз әрекеттерді және/немесе Клиенттің МҚҰ-ға келтірген залалын дәлелдеу үшін пайдалануға құқылы.

7. Профильдеу және автоматтандырылған шешім қабылдау

7.1. Профильдеу – бұл МҚҰ Клиенттің белгілі бір жеке белгілерін бағалау үшін, әсіресе, мысалы, клиенттің төлем қабілеттілігін және т. б. талдау және ескеру үшін пайдаланатын дербес деректерді автоматты түрде өңдеу.

7.2. Профильдеу нәтижесінде МҚҰ белгілі бір өлшемдерге сәйкес Клиентті бағалайды және клиенттердің белгілі бір санатына жатқызады, нәтижесінде Клиент үшін арнайы өнім немесе ұсыныс (соның ішінде жақсы өнімдер немесе ұсыныстар) жасалады немесе жеңілдіктер ескеріледі.

7.3. Профильдеу Клиентке кеңес беру кезінде талдау үшін, жеке коммерциялық хабарламаларды дайындау үшін, автоматтандырылған шешім қабылдау үшін қолданылады, мысалы, Клиенттің өтінішін мүмкіндігінше тез өңдеу үшін, МҚҰ автоматтандырылған төлем қабілеттілігін бағалауды және несие беру мен несиенің белгілі бір максималды мөлшері туралы шешімнің қаупін бағалауды жүргізеді және бұл бағалау МҚҰ заңды мүдделеріне негізделеді.

7.4. Әрекет ету тәсіліне байланысты өңделген деректердің санаттары (профильдеуі бар немесе жоқ коммерциялық хабарлама, төлем қабілеттілігі мен қауіпті бағалау және т. б.) мыналар болуы мүмкін, бірақ осымен шектелмейді:

7.4.1. Сәйкестендіру деректері (мысалы, аты-жөні және т. б.),

7.4.2. Байланыс ақпарат (мысалы, мекен-жайы, электрондық поштасы, телефон нөмірі және т. б.),

7.4.3. Көлік құралымен байланысты деректер (мысалы, тіркеу нөмірі, шасси нөмірі, маркасы, жылы, түсі және т. б.),

7.4.4. Кәсіби деректер (мысалы, білімі, жұмыс орны, кәсібі және т. б.),

7.4.5. Қаржылық ақпарат (мысалы, міндеттемелер, кірістер, төлем тәртібі, асырауындағылар және т. б. туралы ақпарат),

7.4.6. Міндеттемелерді орындауға байланысты мән-жайлар туралы деректер (мысалы, Клиентпен жасалған және тоқтатылған шарттар, шарттардың орындалуы немесе орындалмауы, олардың бұзылуы және т. б. туралы ақпарат),

7.4.7. Нормативтік актілерде көзделген міндеттерді орындау кезінде алынған және/немесе өндірілген деректер (мысалы, кірістер, кредиттік міндеттемелер, тиесілі мүлік туралы, сондай-ақ қалған кредиттік міндеттемелер туралы мәліметтер және т.б.) және «Taj Finance» МҚҰ» ЖШС-нің қарамағындағы басқа да деректер Клиентке нақты мазмұны бар дербес коммерциялық хабарламаны жіберу туралы шешім қабылдау кезінде көмектесе алады.

7.5. Егер мұндай шешім қабылдаудың құқықтық салдары болса немесе ол Клиентке ұқсас әсер етсе, Клиенттің толық автоматтандырылған шешім қабылдауға, соның ішінде профильдеуге ұшырамауға құқығы бар. Егер шешім қабылдау Клиентпен шарт жасасу немесе орындау үшін қажет болса, егер шешім қабылдау қолданыстағы нормативтік актілерге сәйкес рұқсат етілсе немесе Клиент өз келісімін берсе, мұндай құқықтың күші болмайды. Клиент өзінің өтінішін автоматтандырылған жүйе емес, жеке тұлға өңдеуін талап етуге құқылы, алайда өтінішті қайталама өңдеу нәтиженің өзгеше болатынын білдірмейді.

8. Жеке деректерді сақтау ұзақтығы

8.1. МҚҰ келесі критерийлердің кем дегенде біреуі болса, Клиенттің дербес деректерін сақтап, өңдейді:

- 8.1.1. Клиентпен жасалған шарттың қолданылу мерзімі ішінде;
- 8.1.2. қолданыстағы заңнама нормаларымен анықталған тәртіпте, Клиент немесе МҚҰ өздерінің заңды мүдделерін жүзеге асыра алады (мысалы, қарсылық білдіру немесе сотқа талаппен жүгіну);
- 8.1.3. қандай да бір тараптың деректерді сақтаудың құқықтық міндеті бар;
- 8.1.4. егер деректерді өңдеу үшін басқа заңды негіз болмаса, Клиенттің дербес деректерді тиісті өңдеуге келісімінің күші бар.
- 8.2. Көрсетілген жағдайлар тоқтатылған кезде Клиенттің дербес деректері жойылады.

9. Клиенттің деректер субъектісі ретіндегі құқықтары

9.1. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Клиент МҚҰ-дан өзінің жеке мәліметтеріне қол жеткізуді сұрауға, сондай-ақ МҚҰ-дан оларды толықтыруды, түзетуді немесе жоюды немесе Клиентке қатысты өңдеуді шектеуді сұрауға немесе деректерді өңдеуге қарсылық білдіруге, сондай-ақ деректерді тасымалдауға құқылы. Өз құқықтарын жүзеге асыруды сұрауды мынадай тәсілдердің кез-келгенімен беруге болады:

9.1.1. электрондық қолтаңба қойылған сұранысты support@tengebar.kz электрондық поштасына жіберу;

9.1.2. жеке басын куәландыратын құжатты көрсете отырып, МҚҰ филиалдарында жазбаша түрде.

9.2. Клиенттен өз құқықтарын жүзеге асыру туралы сұрау алғаннан кейін, МҚҰ Клиенттің жеке басын тексереді, сұрауды бағалайды және оны ішкі құжаттар мен қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес орындайды.

9.2. Клиенттен өз құқықтарын жүзеге асыру туралы сұрау алғаннан кейін, МҚҰ Клиенттің жеке басын тексереді, сұрауды бағалайды және оны ішкі құжаттар мен қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес орындайды.

9.3. МҚҰ Клиентке жауапты пошта арқылы оның көрсеткен байланыс мекенжайына тапсырыс хатпен немесе электронды түрде, бұл техникалық мүмкін болса, Клиент көрсеткен жауап алу әдісін ескере отырып, соның ішінде Клиентпен жасалған шартқа сәйкес жібереді.

9.4. МҚҰ қолданыстағы заңнамаға және ішкі құжаттарға сәйкес деректерді өңдеуді және оларды қорғау талаптарын орындауды қамтамасыз етеді және Клиенттің қарсылықтары туындаған жағдайда мәселені шешу үшін тиісті әрекеттерді орындайды.

9.5. Өзінің дербес деректерін өңдеуге кез-келген келісімді Клиент МҚҰ интернет-сайттарында қызметтерге өтініш нысанында, сондай-ақ МҚҰ телефон қоңыраулары орталығына қоңырау шалу арқылы немесе МҚҰ бөлімшелерінде жеке бере алады.

9.6. Дербестендірілген және/немесе коммерциялық хабарламаларды алуға берілген келісім оны қайтарып алғанға дейін (сондай-ақ егер ол жасалған болса, кредиттік шарттың қолданылуы аяқталғаннан кейін) күшінде қалады.

9.7. Дербестендірілген және/немесе коммерциялық хабарламаларды алуға берілген келісімнен кез-келген уақытта төмендегі әдістердің кез-келгенімен бас тартуға болады:

9.7.1. support@tengebar.kz электрондық поштасына хабарлама жіберу арқылы;

9.7.2. клиенттерге қызмет көрсету орталығына қоңырау шалу арқылы: +7 702 530 07 95;

9.7.3. «МҚҰ» филиалдарында жұмыс уақытында;

9.7.4. құрылғылардағы хабарламаларды алу параметрлерін өзгерту арқылы.

9.8. «Taj Finance» МҚҰ» ЖШС Клиенттің сұрауы өңделе салысымен дербестендірілген және/немесе коммерциялық хабарламалар жіберуді тоқтатады. Сұрауды өңдеу технологиялық мүмкіндіктерге байланысты және күнтізбелік 1 (бір) айға дейінгі уақыт алуы мүмкін.

9.9. Келесілерді:

9.9.1. дербестендірілген коммерциялық хабарламаларды алуға өз келісімін қайтара отырып, Клиент бұрынғыдай жалпы сипаттағы коммерциялық хабарламаларды алады, бірақ олар енді Клиенттің жеке қажеттіліктері мен жағдайына сәйкес таңдалмайды;

9.9.2. жалпы сипаттағы коммерциялық хабарламаларды алуға өз келісімін қайтара отырып, Клиент бұрынғыдай Клиенттің жеке қажеттіліктері мен оның жағдайына сәйкес таңдалатын дербестендірілген коммерциялық хабарламаларды алады;

9.9.3. жеке, сондай-ақ жалпы сипаттағы коммерциялық хабарламаларды алуға өз келісімін қайтара отырып, Клиент ешқандай коммерциялық хабарламаларды алмайды.

9.10. Клиенттің келісімі әлі күшінде болған уақытта жүргізілген кез-келген келісімді кері қайтарып алу деректерді өңдеуге әсер етпейді. Сонымен қатар, келісімді кері қайтарып алу кезінде басқа құқықтық негіздер негізінде жүргізілетін деректерді өңдеу үзілмейтіндігіне назар аударыңыз.

10. Үшінші тұлғалардың Интернет-сайттарына сілтемелер

10.1. МҚҰ Интернет-сайтында үшінші тұлғалардың Интернет-сайттарына сілтемелер көрсетілуі мүмкін. Мұндай Интернет-сайттарда Клиент кірген кезде келісетін дербес деректерді қорғаудың өз ережелері бар. МҚҰ үшінші тараптардың Интернет-сайттары мен олардың мазмұнына жауапкершілік артпайды және жауап бермейді.

11. Клиентпен байланыс

11.1. МҚҰ Клиент көрсеткен байланыс ақпаратын (телефон нөмірі, электрондық пошта, пошта мекенжайы) пайдаланып Клиентпен байланысады.

12. Құпиялылық саясатындағы өзгерістер

12.1. МҚҰ Клиенттерге қызмет көрсету орындарында, МҚҰ сайтында, пошта арқылы, электрондық пошта арқылы немесе басқа жолмен, мысалы, бұқаралық ақпарат құралдарында Клиентті өзгерістер күшіне енгеннен кейін бір айдан кешіктірмей хабардар ете отырып, кез-келген уақытта біржақты тәртіпте қолданылатын нормативтік актілерге сәйкес осы Құпиялылық саясатына өзгерістер енгізуге құқылы. Өзекті ақпаратты білу үшін МҚҰ Интернет-сайтына үнемі кіріп отыруды ұсынамыз.

Утверждена
Приказом Генерального директора
ТОО «МФО «Taj Finance»
от «29» октября 2025 года № 3-ОД



Политика конфиденциальности ТОО «МФО «Taj Finance»

Общие положения

Политика конфиденциальности ТОО «МФО «Taj Finance» (далее - МФО) является внутренним нормативным документом, разработанным в целях соблюдения требования о безопасности и конфиденциальности данных своих Клиентов, которая определяет порядок обработки МФО персональных данных своих Клиентов.

Политика конфиденциальности МФО (далее – Политика конфиденциальности) действует в отношении всей информации, которую МФО и/или его аффилированные лица, включая все лица, входящие в МФО, могут получить о пользователях и Клиентах во время использования им любого из сайтов, сервисов, служб, программ, продуктов или услуг МФО и в ходе исполнения МФО любых соглашений и договоров с Клиентами. Согласие Пользователя с Политикой, выраженное им в рамках отношений с одним из перечисленных лиц, распространяется на все остальные перечисленные лица. Использование сервисов МФО означает безоговорочное согласие Пользователя с настоящей Политикой и указанными в ней условиями обработки его персональной информации; в случае несогласия с этими условиями Пользователь должен воздержаться от использования Сервисов.

1. Термины и определения

- 1) Обработка персональных данных** – действия, направленные на накопление, хранение, изменение, дополнение, использование, распространение, обезличивание, блокирование и уничтожение персональных данных;
- 2) Клиент** – дееспособное физическое лицо, гражданин Республики Казахстан, достигшее 18-летнего возраста, оформившее Договор о предоставлении микрокредита, на основе сделанного предложения (оферты), изложенного в Заявке, и полностью исполнившее обязательства по ним не позднее даты указанной в Договоре;
- 3) Персональные данные** – любые сведения, относящиеся прямо или косвенно к определённому или определяемому физическому лицу (субъекту персональных данных), которые предоставляются другому физическому или юридическому лицу либо лицам.

2. Управляющий персональными данными клиента

